

**"Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" Қордай ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 27 маусымдағы № 386 қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қордай ауданы әкімінің 2015 жылғы 2 ақпандағы № 45 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 4 ақпанда № 2491 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Қордай ауданының әкімдігінің 2016 жылғы 15 желтоқсандағы № 419 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Қордай ауданының әкімдігінің 15.12.2016 № 419 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктердің аражігін ажырату жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 25 тамыздағы № 898 Жарылығына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" Қордай ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 27 маусымдағы № 386 қаулысына (Нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 2294 болып тіркелген, 2014 жылдың 20 тамызында № 127-128 (2059-2060) аудандық "Қордай шамшырағы-Кордайский маяк" газетінде жарияланған) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көсетілген қаулымен бекітілген "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесінде:

16 тармағының 1) тармақшасы мынадай мазмұндағы сөздермен толықтырылсын:

"- 7 түрі бойынша азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу (тууды, некені қию, некені бұзу, әке болуды анықтау, бала/қыз асырап алу, тегін, атын және әкесінің атын ауыстыруды, қайтыс болуды тіркеу);

- азаматтық хал актілерін тіркеу бойынша қайталама куәліктер, анықтамалар беру;

- "АХАЖ ТП", "ХҚКО ИАЖ" жүйесін жүргізу;
- e.gov.kz электронды Үкімет порталы бойынша қызмет көрсету;
- азаматтық хал актілерін тіркеу туралы ақпараттық қызмет көрсету;
- мемлекеттік органдарымен қарым-қатынас орнату және тізім, есеп беру тағы да басқа;
- бақылау қадағалау өкілеттілігі берілген мемлекеттік органдарына ақпарат беру;
- өзінің өкілеттігі бойынша азаматтарға құқықтық көмек көрсету (Минск, Кишинев Конвенция бойынша);
- азаматтардың жүгінуі бойынша қызмет көрсету;
- нотариус, адвокаттардың сұранысы бойынша жауап қайтару;
- әділет органдарына есеп беру;
- мемлекеттік ұйым, органдарынан олардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпаратты сұрату және қайтару."

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б. Жамангозовке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланғаннан күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Қ. Досаев*